

«Бекітемін»

Гүлдер» Алға балалар бақшасы

менгерушісі:

А.С. Айсина

Басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда казак тілін үйрету үшін «Тілге бойлау» бағдарламасы бойынша ересек және мектепалды топтарға арналған айлық жоспар

2025-2026 оқу жылы

Мерзімі	Тақырыптық бағыт	Мақсаты	Әрекеттер	Күтілетін нәтиже
Қыркүйек	Балабақша, достар, отбасы	Балаларды казак тілінде амандасуға, коштасуға дағдыландыру. Отбасы мүшелерінің атауларын таныстыру, оларды дұрыс айтуға үйрету. Қарапайым нұсқауларды түсінуге және орындауға баулу. Топтағы балалар арасында достық қарым-қатынас қалыптастыру.	«Сәлеметсіз бе!» – амандасу ойыны. «Сау бол!» – коштасу ойыны. Туыстық қатынас сөздерімен таныстыру («әке, ана, ата, апа, әже, аға, апа, іні») «Допты бер!» кимылды ойыны. «Бұл кім?» суреттер арқылы сұрақ-жауап (ана, әке, аға...) «Менің отбасым» сурет салу, әнгімелеу. Қарапайым тақпақ жаттау («Атам, әжем жанымда...»).	Қазак тілінде амандасады, коштасады. Отбасы мүшелерін казакша ағай алады. Сұраққа қысқа жауап береді («Бұл – ана», «Бұл – әке») Қарапайым тақпақты жаттап айтады. Топтағы балалармен казак тілінде «Сәлем!» деп амандасады, «Рақмет!» айта біледі. Балалар казак тіліндегі нұсқауларды тыңдап, орындауға дағдыланады.

<b>Казан</b>	Жемістер мен көкөністер.	Балалардың күнделікті тұтынатын жеміс-көкөніс атауларын қазақ тілінде айтуға ұйрету. Түрлі түстерді (қызыл, жасыл, сары) жемістер арқылы менгерту. «Қанша?» сұрағына жауап беруді дамыту. Балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге баулу.	Қайда алма?» дидактикалық ойыны (себетке салып табу). Санамактар («Бір алма, екі алмұрт...») жаттау. Жемістерді сипаттау (түсі, дәмі, көлемі). «Себетке сал!» ойыны (жеміс пен көкөністі ажырату). «Дәмін тап!» ойыны (жабық көзбен жеміс дәмін тату, ағын айту). Жемістер мен көкөністерді түстеріне қарай топтастыру (қызыл – қызанақ, жасыл – қияр, сары – банан). Өлең жаттау: «Алма қызыл, алма тәтті». Сурет салу: «Менін сүйікті жемісім». Қимылды ойын: «Жемістерді жина» (қимылмен орындау).	Жеміс-көкөністердің атауларын біледі және қазақша айтады. Жемістердің түсін, дәмін сипаттай алады. «Қанша?» сұрағына жауап береді («Үш алма», «Бес қияр») Жеміс-көкөністі ажыратады, топтастырады. Жаттаған өлең-тақпақты айтады. Қазақ тілінде қарапайым сөйлем құрастырады («Алма қызыл», «Қияр жасыл»).
<b>Қараша</b>	Жануарлар әлемі, төрт түлік.	Үй жануарлары мен төрт түлік малдың атауларын қазақ тілінде менгерту. Жануарлардың төлдері мен шығаратын	«Кой – лак» қимылды ойыны. «Төрт түлік» дидактикалық ойыны (суреттен тану, атын айту). Үй жануарлары туралы тақпақтар мен санамактар жаттау.	Балалар үй жануарлары мен төрт түліктің атауларын қазақша атайды. Жануарлардың төлдерін (кой – козы, сиыр – бұзау,

		<p>Дыбыстарын айтуға үйрету.</p> <p>Балалардың сөздік қорын кеңейту, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Табиғатқа, жануарларға қамқорлық сезімін қалыптастыру.</p>	<p>«Ә, ө, ү» дыбыстарымен сөз айту жаттығулары (өгіз, өрік, өрт, әже, әке, үкі, үзіліс).</p> <p>«Бұл қай жануар?» суреттер бойынша сұрақ-жауап.</p> <p>«Жануар қалай дыбыстайды?» ойыны (ит – үреді, қой – манғырайды).</p> <p>Сурет салу: «Менің сүйікті жануарым».</p> <p>Ұлттық ойын: «Асық ойыны» (жануардың төлдерін ағай отырып).</p>	<p>жылқы – құлын, түйе – бота) ағай алады.</p> <p>«Ә, ө, ү» дыбыстарын дұрыс айтады.</p> <p>Жануарларды сипаттайды (үлкен-кіші, түстерін ағайды).</p> <p>Қазак тіліндегі қарапайым тақпақтарды, санамақтарды жатқа айтады.</p> <p>Жануарларға қамқорлықпен қарау қажеттілігін түсінеді.</p>
<b>Желтоқсан</b>	Қыс мезгілі.	<p>Балаларды қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру.</p> <p>Қар, мұз, аяз, боран сияқты табиғат құбылыстарының атауларын қазак тілінде менгерту.</p> <p>Қысқы ойындар мен қимылдар арқылы сөздік қорды байыту.</p>	<p>«Аққала» тақпағын жаттау, аққала мүсіндеу.</p> <p>«Қар, мұз, суық» сөздерін қолдану (суретпен және қимылмен).</p> <p>Қимылды ойын: «Қар лақтыру» (мақтадан жасалған қарды пайдалану).</p> <p>«Қар жауды» әнін тыңдап, қарапайым қимылдармен орындау.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қайда қар?» (суреттен қысқы көріністі табу).</p>	<p>Балалар қыс мезгілін қазак тілінде ағай алады.</p> <p>«Қар, мұз, суық, аяз» сөздерін дұрыс қолданады.</p> <p>Қыс мезгілі туралы қысқа сөйлемдер құрастырады («Қар жауды», «Суық күн»).</p> <p>Қысқы ойындарға белсенді қатысады.</p> <p>Жаттаған өлең-тақпақты мәнерлеп айтады.</p>

		<p>Өлең-тақпақтар арқылы балалардың есте сақтауын, тілдік дағдыларын дамыту.</p>	<p>«Қыс мезгілі» суреттерін карап әңгімелеу. Шығармашылық жұмыс: Қар суретін салу, аппликация жасау. «Суық – жылы» ойыны (қысқы киімдерді көрсету: тон, етік, қолғап). «Қысқы орман» шағын драмалық қойылым (қоян, аю, тиін рөлдері).</p>	<p>Қысқы киімдерді атап, олардың қызметін түсінеді.</p>
<p><b>Қантар</b></p>	<p>Киімдер, тұрмыстық заттар.</p>	<p>Балаларды қысқы және күнделікті тұрмыста қолданылатын киім-кешек атауларымен қазақ тілінде таныстыру. Киімдердің қызметін (суықтан қорғау, әдемілік үшін) түсіндіру. «Бұл не?», «Не киеміз?» сұрақтарына қазақ тілінде жауап беруді дамыту. Сөздік қорын байытып, қарапайым әңгіме құрастыруға үйрету.</p>	<p>«Киінейік» ойыны (балаларды қыстық киімдермен таныстыру: тон, етік, қолғап, малакай). «Тон, етік» сөздерін айту және қайталау. Дидактикалық ойын: «Артық киімді тап» (қыстық және жаздық киімдерді ажырату). Шығармашылық жұмыс: қағаздан қолғап пен шұлық қиып жапсыру. «Қысқы киімдер» суретін карап әңгімелеу. Рөлдік ойын: «Дүкенде» (балалар сатушы мен сатып алушы болып, киім атауларын қолданады). Қысқа әңгіме құрастыру: «Не киеміз?» (Қыс – тон, етік; Жаз – көйлек, сандал).</p>	<p>Балалар киімдердің атауларын қазақша айтпады (тон, етік, қолғап, малакай). Киімдерді маусымына қарай ажыратады (қыстық – жаздық). «Не киеміз?» сұрағына қысқа сөйлемдермен жауап береді. Қарапайым тақпақты жаттайды. Рөлдік ойында қазақ тілінде қарапайым диалог құрастырады. Тұрмыстық заттар туралы сөздік қорын кеңейтеді (кесе, қасық, кітап, орындық).</p>

			<p>«Жылы киінейік» тақпағын жаттау. Кимылды ойын: «Кимдерім қайда?» (балалар киім суреттерін тауып, атайды).</p>	
<p><b>Ақпан</b></p>	<p>Көктемге дайындық. Табиғат құбылыстары.</p>	<p>Балаларды табиғат құбылыстарының атауларымен қазақ тілінде таныстыру (жанбыр, күн, бұлт, жел, жылу). Жыл мезгілдері мен олардың ерекшеліктерін ажыратуға үйрету. «Не өзгерді?» сұрағына қазақ тілінде жауап беруді дамыту. Табиғатты сүюге, құбылыстарды байқай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>«Көктем келді» өлеңін жаттау, кимылмен орындау. «Жанбыр жауды» ойыны (балалар қолдарын соғып жанбыр дыбысын салады). Сөздік қорды толықтыру: жапырақ, гүл, бәйшешек, көктем, күн, жылу. Дидактикалық ойын: «Қай мезгіл?» (суреттерден көктемді табу). Сурет салу: «Жанбырдан кейінгі кемпіркосақ». Кимылды ойын: «Күн шықты – бұлт басты». Әңгімелесу: «Қыстан көктемге» (не өзгерді?). «Бәйшешек шықты» тақпағын үйрету. Рөлдік ойын: «Табиғат зерттеушілері» (балалар</p>	<p>Балалар көктем құбылыстарын қазақ тілінде атайды (жанбыр, күн, гүл, жапырақ). «Көктем келді» өлеңін мәнерлеп айттады. Сұраққа жауап береді: «Қай мезгіл келді?», «Не өзгерді?» Қарапайым сөйлемдер құрайды («Күн жылпанды», «Гүл шықты»).</p> <p>Табиғатқа қызығушылық танытады, сурет арқылы сипаттайды. Қазақ тіліндегі ойындарға белсенді қатысады.</p>

			өсімдіктер мен құбылыстарды сипаттайды).	
<b>Наурыз</b>	Ұлттық ойындар, салт-дәстүрлер.	Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, дәстүрлерімен таныстыру. Ұлттық тағамдар мен мерекелік дәстүрлер туралы түсінік беру. Қазақ тіліндегі қарапайым сөздер мен сөйлемдерді қолдануға баулу. Достыққа, сыйластыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.	«Асық ойыны» (балалар асық атауларын үйреніп, ойнайды). «Арқан тарту» кимылды ойыны. «Алтыбақан» ойыны (суретпен таныстыру немесе аланда ұйымдастыру). «Наурыз көже» туралы шағын әңгіме, ұлттық тағам атауларымен таныстыру (бауырсақ, қымыз, құрт). Ұлттық би элементтерін үйрету («Қара жорға» кимылдары). «Төрт түлік» туралы тақпақ жаттау. Драмалық қойылым: «Наурыз мерекесі» (балалар рөлге бөлініп ойнайды). Шығармашылық жұмыс: «Наурыз дастарханы» сурет салу, жапсыру. Әңгімелесу: «Менің отбасымдағы Наурыз мерекесі».	Балалар ұлттық ойындардың атауларын біледі, ойнайды. «Наурыз көже», «бауырсақ» сияқты ұлттық тағам атауларын қазақша айтады. Ұлттық би элементтерін орындайды. Қазақ тілінде қысқа сөйлемдер құрастырады («Мен асық ойнаймын»), «Бауырсақ тәтті». «Наурыз» тақырыбындағы өлең-тақпақты жаттайды. Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүріне қызығушылық танытады.
<b>Сәуір</b>	Көлік, мамандықтар.	Балаларды көлік түрлерімен (жер, ауе,	«Дәрігер – аспаз» рөлдік ойыны (балалар мамандықтардың қызметін ойнайды).	Балалар көлік атауларын қазақ тілінде айтады

		су көліктері) таныстыру. Негізгі мамандық атауларын казак тілінде айтуға үйрету. Рөлдік ойындар арқылы мамандардың еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Балалардың сөздік қорын кеңейту және байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту.	«Автобус, пойыз» сөздерін қолдану (қимылды ойын: «Көлікке мінейік»); Мамандықтар туралы тақпақ жазтау («Дәрігер ауруды емдейді...»); «Бұл қандай көлік?» суреттер арқылы таныстыру (автобус, ұшак, кеме, велосипед). Дидактикалық ойын: «Кім не істейді?» (дәрігер – емдейді, аспаз – тамақ пісіреді). Шығармашылық жұмыс: «Менің арман мамандығым» сурет салу. «Бағдаршам» ойыны (көлік қозғалысына байланысты). Әңгімелесу: «Менің әкемнің (анамның) мамандығы». Ұлттық мамандықтармен таныстыру (күсбегі, зергер, малшы).	(автобус, пойыз, ұшак, кеме). Мамандықтарды ажыратады, казакша ағайды (дәрігер, аспаз, мұғалім, жүргізуші). Қарапайым тақпақты жазтап айтады. «Кім не істейді?» сұрағына жауап береді. Қазак тілінде қысқа сөйлемдер құрайды («Автобус келеді», «Дәрігер емдейді»); Еңбекке құрметпен қарауға тәрбиеленеді.
<b>Мамыр</b>	Отан, туған жер.	Балаларды Қазақстан, Астана қаласы туралы негізгі ұғымдармен таныстыру. Мемлекеттік рәміздерді (Ту, Елтанба, Әнуран)	«Ту, Елтанба, Әнуран» таныстыру, суреттерін көрсету, мән-мағынасын түсіндіру. «Астана – әсем қала» тақпағын жазтау.	Балалар Қазақстан мемлекеті туралы түсінік алады. Мемлекеттік рәміздерді таниды және ағай алады.

		<p>білуге және құрметтеуге тәрбиелеу. Туған жер, табиғат туралы сөздерді меңгерту. Патриоттық сезімді қалыптастыру, отансүйгіштікке баулу.</p>	<p>Қазақстан табиғаты жайлы сурет бойынша әңгімелеу (тау, өзен, дала, орман). Дидактикалық ойын: «Менің елім – Қазақстан» (карточкалар арқылы). Әңгімелесу: «Менің ауылым/қалам» (балалардың туған жеріне байланысты). Шығармашылық жұмыс: «Менің Қазақстаным» сурет салу, жапсыру. Қимылды ойын: «Желбіре, көк байрағым» (қимыл арқылы Тулы бейнелеу). Халық әнін тыңдау: «Әрқашан күн сенбесін». Драмалық шағын қойылым: «Отан – отбасынан басталады».</p>	<p>«Астана» туралы тақпақты жақтап айтады. Қазақстан табиғаты туралы қарапайым сөйлемдер құрайды («Тау биік», «Өзен әдемі»).</p> <p>«Менің Отаным – Қазақстан» деп айта біледі. Өз туған жеріне мақтаншы сезімі оянады.</p>
--	--	--	--	---